

2014 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 66-қ қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 сәуірде № 2382 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, олардың түрлері, қатысушылардың еңбекақы мөлшері, жолданатын жұмыссыздардың саны, нақты шарттары және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Қ.Рысбаев):

1) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жолдануын;

2) қаулының интернет-ресурста жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Б.Бекқайыровка жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ә. Дауылбаев

КЕЛІСІЛДІ:

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
б а с ш ы с ы

Ж Ы Л

Қ О С Ы М Ш ы

саны, нақты шарттары және оларды қаржыландыру көздері

№	Ұйымдар тізбесі	жолданатын жұмыссыздар саны	Бір адамға төленетін еңбекақы мөлшері теңге (ең төменгі еңбекақының 1,5 мөлшерінде)	Қоғамдық жұмыс түрлері
1	«Құрық селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	40	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
2	«Жетібай селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	45	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
3	«Мұнайшы селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
4	«Сенек селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	10	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
5	«Бостан селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
6	«Құланды селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздар таратушы, хат тасушылар.
7	«Қаракия аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	5	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, хат тасушылар.

8	Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Маңғыстау облысының Әділет департаменті Қарақия ауданының әділет басқармасы	5	19966	Маманның көмекшісі, ескертпе тарату бойын агенттер, хат тасушылар.
---	---	---	-------	--

	Барлығы:	160		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК